

Кенже ЗӘМЗЕБАЕВА,
«Зерде» тілдерді дамыту
жөніндегі инновациялық
орталығының оқытушысы

БЕСІК ТОЙ

1-жүргізуші: – Бала алғаш дүниеге келген күні шілдехана тойын жасап, жора-жолдас, ағайын-туыс жиналып, түнімен ән айтылып, күй тартылады. Жаңа туған нәрестенің алғаш құлағына естілетін ән-жыр болған соң қазақ қалай әнші, жыршы болмайды?

2-жүргізуші: – Иә, дұрыс айтасыз. Тек шілдехана жасалған күні болмаса, баланы қырқынан шығарғанша көп кісіні үйге жинамаған. «Баланың бауы берік болсын» деп айта келгендердің өзі босанған келін мен нәрестені көрмеген. Өйткені, «келінге көз тиеді, балаға сұқ өтеді» деп ырымдаған.

1-жүргізуші: – Баланың ең алғашқы киімін «итжейде, иткөйлек» деп атаған. Бұл көйлекті кіндік шеше жұмсақ матадан кең әрі мол, ұзын етіп тігетін болған.

2-жүргізуші: – Неге «итжейде, иткөйлек» деп атағанын білесіз бе?

1-жүргізуші: – Иә, итжейдені бала қырқынан шыққанша киеді. Сосын оған тәттілер орап, иттің мойнына байлап жібереді. Балалар сосын итті ұстап алып, тәттілерді таласып жейтін болған. Итке байлаған себебі: иттей адал, төзімді, қайсар, көп балалы болсын деген ырым.

– Сіздің кіндік шешеніз бар ма?


2-жүргізуші: – Бар болғанда қандай!? Ол менің екінші анам тәріздес.

1-жүргізуші: – Қандай тамаша! Менің кіндігімді кім кескенін анам білмейді де, өйткені, перзентханада дүниеге келіппін.

2-жүргізуші: – Өкінішті, бірақ, қазір жақсы болды. Жақында көршімнің әйелі босанарда, өздері сыйлайтын, құрметтейтін әйелді арнайы перзентханаға шақыртып, кіндігін кестірді.

1-жүргізуші: – Міне, нағыз қазақтар. Ертең өскенде бала кіндік шешесіне тартады. Сондықтан кіндік шеше болуға кім болса соны қаламайды.

2-жүргізуші: – Айтпақшы, ұмытып барады екенмін. Жақында Ақмола облысында тұратын туыстарыма барсам, келіндері



босанғанына екі апта болыпты. «Қалжа» беріп жатырмыз деп ауылдың бар әйелдері жиналып, улап-шулап арақ ішіп, әндетіп отыр. Ең сорақысы, кемпірлеріне бас қойып, бата бергізіп жатқаны.

1-жүргізуші: – Мына, айтқаныңыз шын болса, маскара екен! «Қалжаны» арақ ішіп харамдау үшін соймайды. Қалжа, біріншіден, жаңа туған нәресте мен анасы үшін арналып сойылады. Күнде келінге осы жас еттің сорпасын ішкізіп, етін жегізіп отырғандықтан, жас босанған әйел жоғалтқан күш-қуатын бір ай бойы осы қалжа арқылы жинайды. Қалжа жеп, жас сорпа ішкен әйелдің сүті маңызды, құнарлы болып, бала тез ет алып өседі. Өскенде қуатты, мықты болып, достары оны «шешең қалжа жемеген бе?» деп келеке ете алмайтын болады.

2-жүргізуші: – Ойпырмай, дәстүріміздің бұзылып бара жатқаны ма сонда? Осыдан үш жүз жыл бұрын, әруақты Мөңке би Тілеуұлы бабамыздың;

Ай, заман-ай, заман-ай,
Заман ақыр боларда –
Жер тақыр болар,
Халқы пақыр болар.
Балалар жетім болар,
Әйелдер жесір болар.
«Ә» десе, «мә» дейтін кесір болар.
Бас қойылған жерлерде
Әйел жағы ден болар.
Жаман-жақсы айтса да,
Өзінікі жөн болар.
Орай салып бастырып,
Жарқыратып шаштарын,
Тақымдары жалтылдап,
Емшектері салпылдап,
Ұят жағы кем болар.
Сөйткен заман кез болса,
Түзелуі қиын болар –

деп айтқаны келейін деп тұрғаннан саума осы?

1-жүргізуші: – Жаңа туған баланы «Қалжа той» деп арақпен қарсы алып, жын-шайтанның тойын жасайтын болсақ, жетіскен екенбіз...

– Енді, өзіміздің қуанышымызға ауысайық. Ұзатылған қыз

босанып, «Бесік тойы» белгіленіп, ұсақ заттарына дейін дайын болған соң анасы мен жеңгелері бесік апарады. Бесік тойын тамашалайық!

Тойға жиналған қонақтар бірін-бірі құтықтап, дастарқан басында әңгімелесе отырып, «бесікке салу басталады».

Қыздың анасы: – Құдағи, қызымыз торсықтай ұлды дүниеге әкелген соң, үйде қалай жатамыз жиен-немереміздің бесігін алып, Құтты болсын айтып, бесік тойға келіп отырмыз.

Қыздың жеңгесі: – Атамыз қазақтың «жиен ел болмас, желке ас болмас» деген қағытпа сөзі бар емес пе? Бірақ, атамыз: «Жиен неге ел болмайды, малы болса, Желке неге ас болмайды, майы болса» деп тауып айтқан емес пе?

Шақырылған қонақтар: шашу, шашу,
Ауыл әйелі: – Бұл да сіздей үлгілі ұрпақ өсіріп, үбірлі-шүбірлі, бақ-дәулетті болсын! Немересінің әжесі, ұлымызды ең алғаш сіз бөлегеніңізді қалаймыз. Бесік бүкіл жабдығымен дайын тұр.

Әжесі: – Иә, шырақтарым, немеремнің атын ырымдап, Қабанбайдай батыр болсын деп, Қабанбай қойған едім. Бесікке салуды да ырымдап қайнағамның әйелі – абысыныма салдырсам деп отырмын. Ауылымызға беделді, өзім де оны қатты құрметтеймін. Менің абысыным, немеремнің үлкен әжесі бесікке салсын.

Келіннің абысыны: – Апа, немереңізді маған бере тұрыңызшы, атамнан көрімдік алайын.

– Мә, ала ғой, оның жөн екен.

– Ата, міне немереңіз, көрімдігін беріңіз!

Ақсақал: – Ой, айналайын немеремді бір емірене иіскейінші, Тфә, тфә, «Тіл- көзім тасқа», – деп қолына алып:

Ақ тілек, ал ақ тілек!

Балбыраған бал білек.

Аулың толы мал, білек,

Атаңның тілін ал, білек.

Ақ тілек, ал ақ тілек!

Атаң кәрі шал, білек,

Отынға өзін бар, білек,

Ерте тұрып ерінбей,

Еңбек істе, қар күреп...

батасын беріп, келінге көрімдігін ұсынады.

(Келіннің абысыны баланы үлкен әжесіне әкеліп береді.)

Үлкен әжесі: – Биссіміллә-рахман-рахим. Шырағым, келін қалада өскен екенсің. Бесік салу жөнінде саған айта отырайын. Тегешке қырық қасық су құйып, теңге салып, шашын алуға қайшы әкелші – дейді де, – ал, балаларым келе ғойыңдар, түбектен тыштымамызды жеңдер. Сендердей ұл болып, аман-есен өсе берсін!

«Тыштыма, тыштыманы» балалар таласып, бөліп алады.

(«Тыштыма» -шашу ретінде алып келген шайлық тәттілер мен ұсақ, ақшалай сыйлықтар.)

Ауыл әйелдері: «Мынау біздің жаңа бесікке байғазымыз»

Көп дауысы: Өте керемет екен. «Бала -қуаныш» деген осы емес пе?! Бауы берік болып, үлкен азамат болсын!

Үкісі әдемі екен. Қызыл түсі өте жарасып тұр.

Әжесі: «Мынау сіздерге киітіміз» деп тоғыз-тоғызын беріп, білезік пен жүзіктерін бір-біріне сыйлайды.

Үлкен Әжесі: «Бісміллә» деп бесікке бөлейік. Келін, адыраспаның дайын ба? Әкеліңдер, бесікті аластайық.

Алас, алас, баладан алас, Тілі жаманның тілінен алас,

Иесі келді баладан көш! Қырық қабырғасынан алас,

Алас, алас, пәледен алас, Отыз омыртқасынан алас...

Көзі жаманның көзінен алас,

-Келінжан, баланы күн аралата тұзды сумен шомылдырып, маймен денесін сылап, қол-аяғын «өс-өс» деп керіп соз да:

Өс, өс балам өсе бер,

Батыр бол – балуан білекті,

Батыр бол – таймас жүректі.

Аяғыңды созайық,

Саусағыңды жазайық,

Етті болсын өр тұлғаң,

Епті боп өс, жарқыным, өс-өс!

– деп өлеңмен денесін күнде шынықтыр.

Әжесі: – Ал, абысыным немеремеді бесікке салып бердіңіз. «Бесікке салар» кәделі сыйлығымды қабыл алыңыз. Алла сізге де немере берсін! Келініне қарап: – Айналайын келінім! Баланы бесігінен мезгілсіз айырма. Бесіктің бала тәрбиесіне ыңғайлығы: **біріншіден**, бір бөлмеден екінші бөлмеге ұйықтап жатқан күйінде көшіріп жүре бересің. Баланы мезгілсіз ояту, ұйқысы қанбау жүйкесіне кері әсер етеді. **Екіншіден**, баланы бесікте жатқан

күйінде асылып отырып емізуге жақсы. Баланы қолына алып денесін салқындатасың. Жылы төсекте мамыражай балқып жатып емгенді бала жақсы көреді. Өйткені, қойдың асық жіліген жасалған шүмек кіші дәреті мен үлкен дәретін ұстайтын түбегі астын таза ұстайды. Сондықтан мазасын алма.

Абысыны: Бесікке салынбаған бала үнемі астындағы дәреттерінен жиіркеніп оянады. Қолы байланбағандықтан түсінде қимылдар жасаса, ұйықтап жатқанда қолы ербеңдеп өз қолынан өзі шошып оянатын болады да, есейгенде үлкендердің айтқанын істемейтін тілазар, сәл нәрсеге ашуланшақ болып өседі.

Әжесі: Иә, абысының дұрыс айтады. Денесі құрғақ болса, бала жайлы жатып, тыныш ұйықтайды. Бала 40 күнге дейін 22-23 сағат, 6 айға дейін 20-21 сағат ұйықтайды.

Бесік алып келген жеңгесі: Құдағи, бір ыңғайы келгенде, немереңізді ауылдағы нағашы атасы мен нағашы әжесі жиендерін көрсін, «Бәсіре» тайын мініп кетсін.

Қонақтар: бәрекелді, бәрекелді жігіттің үш жұртының бірі «нағашы жұрты» деп бекер айтпаған ғой, нағашылары жарады.

Әжесі: Абысын, өзіңіз бесікке салдыңыз. Менің немерем сіздің де немереңіз. Немереңізге арнап бесік жырын айтып берсеңіз.

Бесік жыры

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін,
Әлди-әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым,
Әлди-әлди, шырағым,
Көлге біткен құрағым,
Жапанға біткен тірегім,
Жаман күнде керегім!
Қой келсе, қой, бөпем!

Қой тоқтысын сой, бөпем,
Құйрығына той, бөпем!
Айналайын, айымыз,
Алты қарын майымыз,
Жеті қарын жентіміз.
Дауыл соқса, бақан бар,
Сом темірге балға бар,
Сом сынғанға – алда бар,
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Атекенді кинама!
Арша ма екен бесігі?
Ала ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі?
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?

Жігіт пе екен әкесі,
Жылама, балам, жылама,
Ата-ананды кинама,
Құлағыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Атекенді кинама!
Арша ма екен бесігі?
Ала ма екен әкесі?
Өрік пе екен бесігі?
Сүйе ме екен әкесі?
Жиде ме екен бесігі?
Жігіт пе екен әкесі,
Жылама, балам, жылама,
Ата-ананды кинама,
Құлағыңды майырып,
Түнде жылқы қайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсің?
Бармақтарың майысып,
Түрлі ою ойысып,

Ұста болар ма екенсің,
Тандайларың тақылдап,
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Кең балағың түріскен,
Ұлы топта күрескен,
Балуан болар ма екенсің?
Бал қайнатып, шай ішкен,
Қазы керіп, жал жеген,
Асты болар ма екенсің?
Ұзақ жасап, көбірек,
Басты болар ма екенсің?
Қарағай найза қолға алып,
Жауға тиер ме екенсің?
Қашқан жаудың артынан,
Тұра қуар ме екенсің?
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Көзімнің ағы-қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Уайым-қайғы ойлатпас,
Көңілімнің санасы,
Айналайын, шырағым!

Көлге біткен құрағым!
Мандайдағы құндызым!
Аспандағы жұлдызым!
Жылама, балам, жылама,
Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!

Тойдың соңы көңілді ойын-сауыққа ұласады.